

002207737



Eurasian Bank

«Еуразиялық банк» АҚ, Қазақстан Республикасы, А25Y5K2, Алматы қ., Қонаев көшесі, 56

АО «Евразийский банк», Республика Казахстан, А25Y5K2, г. Алматы, улица Кунаева, 56

Eurasian Bank JSC, 56, Kunayev Street, Almaty, A25Y5K2, The Republic of Kazakhstan

Тел./Tel.: +7 (727) 250-86-84
Факс/Fax: +7 (727) 244-39-24

№ 23-007/2439

от « 22 »

02

2023 г.

Банктер және басқа серіктестер

"Еуразиялық банк" АҚ (бұдан әрі - Банк) Қазақстан Республикасының аумағында қызметті жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамасымен барлық қарастырылған лицензиялары және рұқсаттары бар, тұрақты орналасқан орны бар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелген қаржы үйимы болып табылады.

Банк "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылдыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарын орындау үшін, сондай-ақ "Өз клиенттіңді біл" саясаты аясында Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылдыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл (бұдан әрі - КЖ/ТҚҚ) бойынша барлық қажетті шараларды жүзеге асыратыны жайлы хабарлайды.

Банк қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылдыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға ықпал ететін қызметке тікелей немесе жанама қатысы жоқ.

КЖ/ТҚҚ туралы заңнамасының талаптарын іске асыру мақсатында Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылдыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мақсатында ішкі бақылау ережелері (бұдан әрі - Ережелер) әзірленген және бекітілген. Банкте КЖ/ТҚҚ маселелері бойынша жұмысты үйимдастыруды Комплаенс және ішкі бақылау қызметі жүзеге асырады. Комплаенс және ішкі бақылау қызметі Директорының Орынбасары Ережелердің сақталуына мониторинг жүргізу үшін жауапты тұлға болып табылады. Банк қызметтің Қазақстан Республикасы заңнамасының, оның ішінде үәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінің, Банктің қаржы нарығында қызметтер көрсету және операциялар жүргізу тәртібін регламенттейтін ішкі құжаттарының, сондай-ақ Банктің қызметтіне ықпал ететін шет мемлекеттердің заңнамасының талаптарына сәйкестігін ішкі бақылау жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету Комплаенс және ішкі бақылау қызметі Директорының міндеттеріне кіреді. Банкте ішкі бақылау жүйесін КЖ/ТҚҚ саласында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес үйлестіруді және оның құрылымын үйимдастыруды Басқарушы директор – Бас комплаенс - бақылаушы жүзеге асырады.

Ережелерге сәйкес КЖ/ТҚҚ аясында ішкі бақылауды іске асыру оның ішінде төмендегілер арқылы жүзеге асырылады:

- 1) КЖ/ТҚҚ мақсатында ішкі бақылау жүйесін үйимдастыру бағдарламасы;
- 2) деректерді сәйкестендіру және белгілеу бағдарламасы;
- 3) Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылдыстату) және терроризмді қаржыландыру тәуекелін басқару бағдарламасы;
- 4) клиенттің операцияларына мониторинг жүргізу және зерттеу бағдарламасы;
- 5) КЖ/ТҚҚ саласында дайындау және оқыту бағдарламасы.

Банкте КЖ/ТҚҚ саласында халықаралық ынтымақтастыққа қатыспайтын мемлекеттерде (аумактарда) тіркелген банктерде шоттары жоқ, сондай-ақ ширма банктермен қатынастарды орнатпайды және олармен корреспонденттік қарым-қатынастарды ұстанбайды.

Банктің орналасқан орны құрылтай құжаттарында көрсетілген мекенжайға сәйкес келеді: Қазақстан Республикасы, 050002, Алматы қ., Қонаев көшесі, 56.

Комплаенс және ішкі бақылау қызмети
директорының орынбасары



Маженов Р.М.